58. Ашық түрде өткізілген отырысында қабылданған, Директорлар кеңесі шішімі отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде отырыста төрағалық еткен тұлғамен, бірлескен хатшымен құрастырылуы және қол қойылуы керек, хаттамамен рәсімделеді және келесі мазмұннан тұруы керек:

1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан орны;
2) отырыстың күні, уақыты және өткізілетін орны;
3) отырысқа қатысушы тұлғалар туралы мәліметтер;
4) отырыс күн тәртібі;
5) дауыс беруге қойылған мәселелер;
6) «иә», «қарсы» дауыс беру нұсқалары тармақтарына сәйкес өз қолымен колған мазмұнымен, Директорлар кеңесі әр мүшесінің дауыс беру корытындысы көрсетілуімен Директорлар кеңесі отырысы күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы;
7) шешім қабылдау;
8) Директорлар кеңесі шешімі бойынша өзге де мәселелер.

59. Сырттай дауыс беру жолымен қабылданған Директорлар кеңесі отырысы және шешімі хаттамалары Қоғамда сақталады.

Бірлескен хатшысы немесе соңғысының болмаған жағдайда, директорлар Кеңесі отырысының хатшысының қызметін атқарушы тұлғамен, директорлар Кеңесі мүшесінің талабы бойынша, оған директорлар Кенесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру жолымен кабылданған шешімдерді танысу үшін және (немесе) Қоғамның уәкілетті қызметкері қолымен

16

сендірілген және Қоғамның мөрі басылған хаттамасынан үзінді және шешімін беруге міндетті.

60.Қогамның директорлар Кеңесі мүшесі директорлар Кеңесі отырысына қатыспаған немесе шешімге қарсы дауыс берген шешімі Қоғамның директорлар Кеңесімен қабылданған тәртіпті бұзуы осы Жарғымен және Заңмен орнатылғандай оны сот тәртібімен даулауға құқылы.

61. Барлық дауыс беру акциясына ие акционерлер және (немесе) Қоғам заңды мүдделері мен құқықтары егер осы көрсетілген шешіммен бұзылса, осы Жарғымен және Заң талаптарының бұзылуымен қабылданған Қоғам директорлар Кеңесі шешімін барлық дауыс беру акциясына ие акционер сотта даулауға құқылы.

**16.баб Бас директор**

62. Ағымдағы қызмет басшылығын жеке дара атқару органы - Бас директор жүзеге
асырады.

Бас директор барлық дауыс беру акциясына ие акционерлер шешімімен сайланады жәнеҚоғамның кез келген мәселесі бойынша шешім кабылдауға құқылы, тек Қазақстан Республикасының заң актілерінде және осы жарғымен баска органдардың және Қоғамның лауазымды тұлғаларының құзырындағы мәселелерден басқа.

Бас директор барлық дауыс беретін акцияларға ие акционерлер және директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Егер Қоғам мәміле жасалып жатқан кезде мұндай шектеулер туралы екі жақтың да білгенін дәлелдесе Бас директордың оған койған шектеуді бұзып іске асырған мәмілесінің ақиқаттығына дауласуға құқылы.

Бас директор атқару орган басшысы қызметін немесе атқару орган жеке жүзеге асыратын функцияларын тұлғаның, басқа заңды тұлғаның орнында айналысуға құқығы жок.

Бас директордын қызметі, құқығы және міндеттері Қазақстан Республикасының заңды актілерімен, осы Жарғымен, Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен, сонымен қатар Қоғамның аталған тұлғамен жасасқан жеке еңбек шартымен айқындалады. Қоғамның атынан Бас директормен жасаскан жеке еңбек шартына директорлар Кеңесі төрағасымен немесе барлық дауыс беруге ие акция акционерлері өкілдік алған тұлғамен қол қояды.

63. Бас директор өз құзыреті шегінде:

1) Директорлар кеңесі, барлық дауыс беретін акцияларға ие акционерлер шешімдерін және жылдық қаржылық аудит есептілігін жүзеге асырушы аудиторлык ұйымдар , сонымен қатар Қоғамның ішкі аудит қызметінің нұсқауларын орындауды ұйымдастырады;

2) Қоғам бюджетін, Даму жоспарын іске асыруын жүзеге келтіреді;

3) Барлық дауыс беретін акцияларға ие акционерлер мен Директорлар кеңесі құзырына жататындар бойынша шешімдер қабылдаудан баска, кез келген мәміле жасасу туралы шешім қабылдау.

16

4) Қоғамның ішкі қолдану рәсімдерін, сонымен бірге қауіп-қатерлерді басқару бойынша жүзеге асырады, қауін-қатерлерді басқару бойынша оның құзырындағы Қоғамның ішкі құжаттарына жататын Қоғамның ішкі рәсімдерін бекітеді, сондай-ақ Қоғамдағы ішкі бақылау жүйесі туралы және қауіп-қатерлерді басқару жүйесі туралы директорлар Кеңесін хабардар етеді;

5) Барлық дауыс беретін акцияларға ие акционерлер мен директорлар Кеңесімен бекітілетін құжаттарға жатпайтын Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту;

6) Қоғамның барлық қызметкерлері орындау үшін міндетті Қоғамның ағымдағы қызметіне қатысты, сонымен бірге Қоғам директорлар Кеңесі мен барлық дауыс беретін акцияларға ие акционерлер шешімдерін орындауды бақылау мәселелері жөнінде өкім мен бұйрықтар шығарады;

7) Директорлар Кеңесімен бекітілген Қоғам қызметкерлерінің жапы санын есепке ала отырып,Қоғам штаттық кестесі мен ұйымдастырушылық құрылымын бекіту;

8) Қазақстан Республикасы Заңнамасы талаптарына сәйкес Қоғам қызметінен ақпараттық хабардар ету мен ақпараттарды тарату үшін жауапкерлігін ала жүреді және ішкі (қызметтік) ақпараттың сақталуы мен қорғауын қамтамасыз етеді;

9) үшінші тұлғаға қатысты Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

10) үшінші тұлғаға қатысты Қоғамды көрсету құқығына сенімхат берідеді;

11) Қоғамның ішкі аудит кызметінің қызметкерлері мен Қоғамның Бірлескен хатшыны қоспағанда, Қоғамның қызметкерлерін (Қазақстан Республикасының Заңнамасымен қарастырылған жағдайлардан басқа) қабылдау,ауыстыру және қызметтен босатуды, оларға мадақтау тәртіптік жаза қолдану шараларын, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін орнатуды, Қоғамның штаттық кестесіне сәйкес жалақыға дербес үстемені қосуды, Қоғамның қызметкерлері сыйақыларының мөлшерін анықтауды жүзеге асырады.

12) Қоғам қызметкерлерімен, сондай-ақ Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша Қоғамның ішкі аудит кызметінің қызметкерлерімен және Бірлескен хатшысымен Қоғам атынан еңбек шарттарын жасасу және бұзу;

13) Қоғамның директорлар Кеңесі төрағасымен өзінің орынбасарлары мен бас есепші кандидатураларын жұмысқа алмас бұрын жазбаша келіседі;

14) Егер өзінің болмаған кезінде өзінің міндеттерін орынбасарларының біреуіне жүктейді;

15) Міндеттері, сондай-ақ өзінің және өз орынбасарлары арасында өкілеттіліктері мен жауапкершіліктері саласында бөледі;

16) Директорлар Кеңесі мен барлық дауыс беретін акцияларға ие акционерлер шешімдерімен, осы Жарғымен, Қазақстан Республикасының Заннамасымен анықталған өзге қызметтерді жүзеге асырады.

Бас директордың шетелдік іссапарлары Қоғамның директорлар Кеңесі Төрағасының келісімі бойынша жүзеге асады.

**17. баб Ішкі аудит қызметі**

16

Қоғамның қызметінде мүлтіксіз ету мақсатында, бірлесіп басқару саласында қажаттарды жасау мен кеңес беру, ішкі бақылау саласында қауіп-қатерлерді басқаруды бағалау, каржылай-шаруашылық қызметіне бакылауды жүзеге асыруы үшін Ішкі аудит қызметі қалыптасады. Ішкі аудит қызметінің компетенциясы мен қызметі Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталады.

64. Ішкі аудит қызметі кызметкерлері, сондай-ақ оның жетекшісі директорлар Кеңесі шешімі бойынша сайланады және өз өкілеттіліктерін мерзімінен бұрың токтатады.

65. Ішкі аудит қызметі кызметкерлері директорлар Кеңесі құрамына сайлана алмайды.

66. Ішкі аудит қызметі директорлар Кеңесіне тікелей бағынады және өз жұмысы жөнінде оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

67. Ішкі аудит қызметі жұмыс тәртібі, Ішкі аудит қызметі кызметкерлерінің еңбекақысының көлемі мен жағдайы, сыйақысы Директорлар кеңесімен аныкталады.

**18.баб Бірлескен хатшы**

Қоғамның бірлескен хатшысы болып Директорлар кеңесімен тағайындалған және оған есеп беретін, Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылмайтын Коғам қызметкері табылады.

68.Бірлескен хатшы:

1) Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларына ие акционерлер мүдделері мен құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді Қоғамның лауазымдық қызметкерлерімен және органдарымен сақталуын қамтамасыз ету;

2) Қоғамның өзге ішкі құжаттары мен Жарғы ережесімен бірлесіп басқару саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалар мен ережесімен Коғамда жүруін қамтамасыз етеді;

3) Директорлар кеңесі отырысын өткізу мен дайындау үшін бақылауды жүзеге асырады;

4) Директорлар кеңесі отырысына материалдардың құралуын, оларға кол жетімділігін қамтамасыз етуін бақылау жүргізуін қамтамасыз етеді;

5) Директорлар Кеңесі мүшелерімен нақты және анық ақпараттарды уақытылы алуын қамтамасыз етеді; Қоғам органдары арасында ақпараттар алмасу әсерлігіне жәрдемдеседі;

6) барлық бірлесіп басқару мәселелері бойынша Бас директор мен Директорлар кеңесі мүшелері үшін кеңес беруші қызметін орындайды;

7) Қоғам аффилиирлі тұлғалары жөнінде ақпараттар мониторингын, жинақтауын жүзеге асырады және уәкілетті органдарға оны жолдайды;

8) Заңмен, Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қарастырылған, баска да міндеттерді жүзеге асырады.

69. Қоғамның Бірлескен хатшысының статусы, қызметі, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасы заңнамасымен, Қоғамның бірлескен хатшысы туралы ережесімен, Қоғам ішкі қажаттарымен анықталады.

**19.баб Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің принциптері**

16

70. Бас директор және директорлар Кеңеснің мүшелері Қоғамның лауазымды тұлғалары болып табылады.

71. Қоғамның лауазымды тұлғалары:

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен оның акционерлерінің мүддесін білдіретін әдістерді пайдаланады;

2) Қоғамның мүлкін пайдалануға болмайды немесе осы Жарғыға, барлық дауыс беретін акцияларға ие акционерлер және директорлар Кеңесінің шешімдеріне қарсы келсе, сонымен қатар өзінің аффилирлі тұлғаларымен мәміле жасаған кезде қиянат етуге және өзінің жеке мақсатында мүлікті пайдаланугa рұқсат етпеуі тиіс;

3) Тәуелсіз аудит өткізуді қоса, қаржылық есеп беруді және бухгалгерлік есепке алу жүйесі толықтығын камтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасы Заңдары талаптарына сәйкес Қоғамның қызметі туралы акпараттарды ашлуымен және беруді бақылайды;

5) Егер Қоғамның ішкі құжатымен өзгеше орнатылмаған болса, Қоғам қызметі туралы, сонымен қатар Қоғамда қызметін тоқтатқан сәттен бастап үш жыл бойы ақпараттарды құпия ұстауды сақтау.

6) Қазақстан Республикасы заңнамасы, Жарғы және Бірлескен басқару кодексі принциптері, сондай-ақ этикалық стандарттар мен Іскерлік этика кодексі талаптарына өз қызметін толық сәйкестендіруін қамтамасыз ету;

7) өзіне қатысты да емес (немесе өзіне байланысты тұлғалар), басқаға да катыстыда емес мүдделерде кекілжін туындауына мүмкін, жағдайларды болдырмауға өзін ұстауы керек.

72. Директорлар кеңесінің мүшелері міндетті:

1) Қоғам және оның акционерлері мүддесінде, ашықтық, ақпараттандыру негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасы, осы Жарғы мен Қоғамның ішкі құжаттары талаптарына сәйкес әрекет ету;

2) барлық акционерлерге әділетті қарау, бірлескен мәселелер бойынша мақсатты тәуелсіз шешім шығаруға.

**20.баб Қоғамның лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі**

73. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасы Заңдарында орнатылған жауакершіліне қоғам мен акционерлер алдында олардың әрекеті және (немесе) әрекетсіздігімен келтірілген зияны үшін және қоғаммен жасалған шығыны үшін қоса, бірақ қорытындысында зиян келтіретін шығындармен шектелмей-ақ жауап береді:

1) біле тұра жалған ақпарат немесе жаңылуға әкелген акпараттар ұсыну;

2) осы Жарғымен белгіленген ақпарат ұсыну тәртібін бұзу;

3) жасасуға қызгушылығы бар мәміле және (немесе) ірі мәміле жасасу туралы шешім қабылдау мен (немесе) жасасуға ұысыныстар олардың жауапсыздық әрекеті және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, сондай-ақ Қоғаммен жасалған осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде олармен не олардың аффилиирлі тұлғаларымен табыс (пайда) алу мақсатында Қоғам шығындарын тудыруға әкелу.

Қоғам Жарғысымен және (немесе) заң актілерімен қарастырылған жағдайда барлық дауыс беретін акцияларға ие акционерлермен жасасуға қызығушылығы бар мәміле және (немесе) ірі мәміле жасасу туралы шешімін қабылдауы оларды жасасуға ұсынған әрекет етуші лауазымды тұлғаны немесе оның мүшесі болып табылатын, Қоғам органының отырысында әрекетсіз және (немесе) арсыз әрекет етуші лауазымды тұлғаны жауапкерліктен, сонымен қатар Қоғаммен жасалған осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде олармен не олардың аффилиирлі тұлғаларымен табыс (пайда) алу мақсатында Қоғам шығындарын тудыруға әкелу жауапкерліктен босатпайды.

74.Қоғам барлық дауыс беретін акцияларға ие акционерлер шешімі негізінде келесі жағдайлары бар бір уақытта оның активтерінің жалпы баланстық көлемі құнынан он және одан да көп пайызды құрайтын мүлікті Қоғаммен сатып алу немесе иеліктен шығару қорытындысында және оны жасасуға қызығушылығы бар, Қоғаммен мәміле жасасу қорытындысында Қоғамда туындаған зияны үшін лауазымды тұлғаны жауапкершілікке тарту туралы арызымен сотқа шағымдануға құқылы:

Егер «Қазақстан Республикасында бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес бағалаушымен анықталған нарықтағы оның құнына нақты келмейтін болса, мұндай мүлік құны мәміле жасасу туралы шешім қабылдаған уақытта дәлелденген болса;

Онымен (олармен) немесе оның аффилиирлі тұлғаларымен пайда (табыс) алу мақсатымен оның лауазымды (лауазымдылар) тұлғасымен (тұлғалармен) барлық дауыс беруші акцияларға ие акционерді алдауға қасақана енгізу фактісі сотпен орнату.

Нәтижесінде Қоғамға шығын келтірген мәміле жасасуға және мәміле жасасуға ұсыныс жасаған қызығушылық білдірген лауазымды тұлғадан басқа, Егер Қоғамға шығын келтіретін Қоғам органдарымен қабылданған шешімге қарсы дауыс берген жағдайда Қоғамның лауазымды тұлғасы жауапкершіліктен босатылады.

Қоғам мүддесінде қызмет ететін мұндай шешім ақталды деп саналса және шешім қабылданған уақытта актуалды (дұрыс) ақпарат негізінде Қоғамның лауазымды тұлғасы қызметі принциптері Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен орнатылғанын сақталуымен дұрыс үлгіде бұл әрекет еткені егер дәлелденген жағдайда коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімі нәтижесінде туындағанда шығындарды өтеуден лауазымды тұлға босатылады.

**21.баб Қоғамның аффилиирлі тұлғалары**

75. Қоғам өзінің аффилиирлі тұлғаларының есебін осы тұлғалармен және орталық депозитариймен ұсынылған мәліметтер негізінде жүргізеді.

76.Барлық дауыс беретін акцияларға ие акционерлер мен Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамға Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзінің аффилиирлі тұлғалары туралы ақпаратты ұсынады.

77.Қоғамның аффилиирлі тұлғалары болып табылатын физикалық және заңды тұлғалары өзінің аффилиирлі тұлғалары туралы мәліметтерін

16

аффилиирлік туындаған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға ұсынуға міндетті.

78. Аффилиирлі тұлғалардың қатысуымен мәміле жасасу ерекшеліктері Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталады.

## 4. БӨЛІМ ҚОҒАМНЫҢ ТАЗА ТАБЫСЫ ЖӘНЕ АКЦИЯ БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕРІ

### 22. баб Қоғамның таза табысы

79. Қоғамның таза табысы барлық дауыс беретін акцияларға ие акционер шешімімен айқындалған тәртіпте бөлінеді, оның ішінде, дивиденд төлемі де бар.

80. Барлық дауыс беретін акцияларға ие акционерл жыл қорытындысы бойынша жәй акциялар бойынша дивидендтер төлеудің қолайсыздығы туралы шешім қабылдауға құқылы.

### 23.баб Қоғам акциялары бойынша дивидендтер

81. Қоғам акция бойынша дивидендтер, егер дивидендтерді төлеу шешімі пұрсатты акциялар бойынша дивидендтерден басқа, Қоғамның дауыс беруші жай көпшілік акцияларымен барлық дауыс беретін акцияларға ие акционер қабылданған болса ақшалай немесе Қоғамның құнды қағаздарымен төленеді. Қоғамның пұрсатты акциялар бойынша дивидендтерді құнды қағаздармен төлеуге болмайды.

Акциялар бойынша дивидендтерді құнды қағазбен төлеу жағдайы, Қоғамның жарияланған акцияларымен және (немесе) оларға шығарылған облигациялармен акционерлердің жазбаша келісімі болғанда төлеуі жүзеге асады.

Дивидендтері төленбеген акцияның мүлкін айыру үшін, егер акциялардан мүлкін айыру туралы келісімде және (немесе) Заңмен басқалай қарастырылмаған болса, акцияны жаңа меншік иесі алу құқығымен жүзеге асырады.

Дивидендтерді алуға құқықтары бар акционерлердің тізімі дивидендтерді төлейтін күнінің алдында құрастырылған болуы тиіс.

82. Дивиденттер жыл қорытындысы бойынша төленеді.

83. Қоғамның өзі сатып алған немесе орналастырылмаған акцияларға дивидендтер есептелінбейді және төленбейді, сонымен қатар, егер оны жою туралы шешімі барлық дауыс беруші акцияларға ин акционермен немесе сотпен кабылданған болса.

Қоғамның жәй және пұрсатты акциялары бойынша дивиденд төлеуге рұқсат етілмейді:

1) Меншікті капиталының мөлшері жағымсыз болғанда немесе Қоғамнын меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивиденд төлеу қорытындысында жағымсыз болған жағдайда;

2) Егер ол Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген банкроттық туралы Заңдарға сәйкес борышын төлеуге шамасы келмейтін немесе

намасыздық белгілеріне жауап беретін болса, Қоғамның акциясы бойынша дивиденд төлеу қорытындысында көрсетілген белгілер пайда болған жағдайда.

3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылмаған өзге жағдайда.

84. Акционер Қогамныц карыздары құрылған мезгілінен тәуелсіз түгел алмаған дивидендтерді талап етуге құқылы.

Егер Қоғамның кінәсі бойынша дивидендтерді төлемақысы анықталған мезгілінде төленбесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесімен есептелінетін ақшалы міндеттеме атқару күніне немесе оның лайықты бөлімімен акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және төлемақы өсімі төленеді.

85. Дивидендтерді төлегенде алдымен пұрсатгы акциялар бойынша дивидендтер, содан соң жәй акциялар бойынша дивидендтер төленеді.

Қоғам пұрсатты акция бойынша дивидендтерді толық төлегенінше жәй акция бойынша дивидендтер төленбейді.

86. Қоғамның жәй акция бойынша дивидендтер төлеу (төлемеу) туралы шешімі кабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы тиіс.

87. Дивидендтерді төлеу Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы барлық дауыс беруші акцияларға ие акционермен қабылданған күннен кейін келесі күннен бастап тоқсан күнтүзбелік күннен кем емес уақытта жүзеге асырылуы керек.

88. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімі келесі мәліметтерден тұруы керек:

1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және басқалай реквизиттері;

2) дивидендтер төленетін кезеңі;

3) бір жәй акцияға есептегендегі дивидендтер мөлшері;

4) дивидендтер телеудің басталу күні;

5) дивидендтер төлеудің нысаны және реті.

89. Пұрсатты акциялар бойынша дивиденттерді кепілді көлемде төлеу тек осы аталған Жарғыдағы көзделген жағдайларды қоспағанда, қоғамның шешімін қажет етпейді.

Пұрсатты акциялар бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешімі барлық дауыс беруші акцияларға ие акционермен қабылданады.

90. Пұрсатты акция бойынша дивидендтердің кепілді мөлшөрі төлеу күні басы келесі есептігіне қаржылық жылдың 1маусымынан қалмау керек.

91. Пұрсатты акция бойынша дивидендтер мөлшері дәл сондай кезеңде есептелінгенде жәй акция бойынша дивидендтің мөлшерінен аз болмайды.

92. Пұрсатты акция бойынша төленетін дивидендтердің кепілді мөлшері бір акцияға есептегенде эмиссия проспектімен анықталған және көрсетілген мөлшерінен аз болмайды.

## 5. БӨЛІМ ҚОҒАМНЫҢ АУДИТІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ

### 24.баб Қоғамнын жылдық қаржылық есептілігі

93. Бас директор жыл сайын барлық дауыс беретін акцияларға ие акционеріне аудиторлық қызметіне туралы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес өткізілген аудиттің өткен жылға жылдық қаржылық есептілігін оны талқылау және бекіту үшін ұсынады. Бас директор қаржылық есептіліктен өзге барлық дауыс беретін акцияларға ие акционеріне аудиторлық есебін ұсынады.

94. Жылдық қаржылық есептілігі барлық дауыс беретін акцияларға ие акционерімен бекіту датасына дейін отыз күн бұрын одан кем емес директорлар Кеңесімен алдын-ала бекітуге жатқызылады.

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуі барлық дауыс беретін акцияларға ие акционерлер шешімімен жүзеге асырылады.

95. Қоғам уәкілетті органмен орнатылған мерзімде және тәртіпте жылдық қаржылық есеп беруімен және аудиторлық есебін қаржылық есептілік депозитарий интернет-ресурсында жыл сайын жариялап отыруға тиіс. Мемлекеттік құпиялар туралы заңмен орнатылған шектеулерді есепке ала отырып жариялауды жүзеге асырылады.

Ірі мәміле және (немесе) мәміле туралы, яғни оны жасасуға қызығушылығы бар туралы ақпараты, қаржылық есептілігі халықаралық стандартына сәйкес жылдық қаржылық есептілігіне түсіндірме жазбасында анықталып жазылады. Сондай-ақ, «Құнды қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы заңымен және заңмен орнатылған талаптарына сәйкес Қоғамның барлық дауыс беретін акцияларға ие акционеріне және инвесторларының назарына дейін жеткізіледі. Мәміле туралы ақпараты, нәтижесінде Қоғам активтері көлемінен он және одан да көп пайыз соммасында мүлікі сатып алынады немесе иеліктен шығарылады. Бұл ақпаратқа мәміле тараптары туралы мәліметі, мәміле мерзімдері мен жағдайлары, сипаты мен кірістірілген тұлғалардың қатысу үлесі көлемі, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтері кіруі керек.

**25.баб Қоғам аудиті**

96. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасына, бухгартерлік есеп және аудит халықаралық стандартына сәйкес жылдық қаржылық есептілік аудитін өткізуге міндетті.

97. Қоғам аудиті Қоғамның есебінен директорлар Кеңесі, Бас директордың ынтасы бойынша немесе акционердің талабы бойынша оның есебінен өтуі мүмкін. Алайда акционер аудиторлық ұйымды өздігінен таңдауға құқылы. Акционер талабы бойынша аудитті жүргізу жағдайында, Қоғам аудиторлық ұйымның сұрау салған барлық қажетті құжаттамаларды (материалдарды) ұсынуға міндетті.

98. Егер Бас директор аудит өткізуден жалтаратын болса, аудит кез-келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша сот шешімімен аудит тағайындалуы мүмкін.

## 6. БӨЛІМ ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТАРДЫ АШУЫ ЖӘНЕ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ МЕН ОНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ

**26.баб Қоғамның ақпараттарды ашуы және ұсыну тіртібі**

99. Уәкілетті органның құқықтық-нормативтік актілерімен және «Құнды қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен орнатылған тәртіпте қаржылық есептілігі депозитариясы интернет-ресурсында және қаржылық биржа ақпараттары интернет-ресурсында ашуын жүзеге асыруға Қоғам міндетті.

100. Қоғам туралы ақпараты «Казахстанская правда», «Егемен Казахстан», «Юридическая газета» газеттерінде және Қоғамның интернет ресурсында жариялануы мүмкін.

101. Қоғам қызметі туралы ақпараты акционерлер мен инвесторлар назарына дейін Қоғаммен жеткізілуге міндетті.

Қоғам акционерлері мүддесіне қатысты ақпараты Заңмен орнатылған ақпарат болып есептеледі.

102. Қоғам қызметі туралы ақпаратын ұсыну акционерлер мүддесіне қатысты болса, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

103. Қоғам қызметі туралы ақпараты сұрау салуда көрсетілген көлемінде және мерзімінде талабы бойынша барлық дауыс беруші акцияға ие акционерге ұсынылады.

**27.баб Қоғам құжаттары**

104. Қоғамның қызметіне байланысты құжаттар Қоғам атқару органының орналасқан жері бойынша оның қызметінің барлық мерзімі бойы Қоғам мұрағатында немесе заңды қызметтерде сақтауға жатады.

Сақтауға мынадай құжаттар жатады:

1) осы Жарғы, оған енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) Қоғамның өз балансында тұрған (болған) мүліктеріне құқығын нақтайтын құжаттар;

3) Қоғамның құнды қағаздар шығару проспектісі;

4) Қоғамның құнды қағаздарын шығарудың мемлекеттік тіркеуін растайтын құжаттарын, құнды қағаздарды жою, сонымен катар Қоғамның құнды қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы уәкілетті органға ұсынылған есеп берулерін бекіту;

5) Қоғамның филиалдары және өкілдіктері туралы ереже;

6) барлық дауыс беруші акцияға ие акционер шешімі, оған қосымша ұсынылатын материалдарымен;

7) Директорлар Кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай отырыстар шешімдері) және бюллетендері (сондай-ақ жарамсыз деп танылған бюллетендер), директорлар Кеңесі күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар;

8) Бас директордың шешімдері (бұйрықтары);

9) Қоғамның бірлескен басқару кодексі.

105. Баска да құжаттар, оның ішінде, Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталатын Қоғамның қаржылық есептілігі.

106. Қоғам акционердің талабы бойынша Қазақстан Республикасы Заннамасында карастырылған, осы Жаргы айқындалған тәртібімен

18

құжаттардың көшірмесін Қоғамға мұндай талабының түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кем емес уақытта оған беруге міндетті, сөйте тұра, қызметтік, коммерциялық және баскалай Заңмен қорғалатын ақпараттарды шектеуге рұқсат етіледі.

Құжаттар көшірмесін бергені үшін төленетін ақы мөлшері, құжаттардың көшірмесін даярлауға және акционерге құжаттарды жеткізуге кеткен шығындармен сәйкес бекітіледі.

107.Қоғам құнды қағаздар конверциялау және үндеу салу, орналастыру, шығару бөлек мәселелерді тәртіппен белгілеу , қызметтік, коммерциялық және басқалай Заңмен қорғалатын құпия ақпараттар құжаттары мемлекеттік құпиялар туралы заңмен карастырылған шектеулерді есепке ала отырып оның талабы бойынша барлық дауыс беруші акцияға ие акционерге танысу үшін ұсынылуы қажет.

## 7. БӨЛІМ ҚОҒАМНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

**28.бап Қоғамды кайта құру және тарату**

108. Қоғамды кайта құру (біріктіру, қосылу, бөлу, бөліп шығару,түрлендіру) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Қоғам қызметін тоқтату Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жалпы жағдайлармен жүзеге асырылады.

109. Қоғамды өз еркімен тарату туралы шешімі барлық дауыс беруші акцияға ие акционермен қабылданады. Ол кредиторлармен келісімі бойынша тарату рәсімдерін анықтайды және Қазақстан Республикасы заңнамалық актілері сәйкес олардың бақылуымен жасалады.

110. Қоғамды мәжбүрлі таратылуы Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен карастырылған жағдайда сотпен жүзеге асырылады.

111. Қоғамды тарату туралы талабын қызығушылық таңыткан тұлғалар сотқа ұсынуы мүмкін.Егер басқа жағдай Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерімен карастырылмаса.

112. Сот немесе барлық дауыс беруші акцияға ие акционердің тарату туралы шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады.

113. Тарату комиссиясы оны тарату кезеңінде Қоғаммен басқару және Қазақстан Республикасы заңнамасымен анықталған тізімімен әрекеттер жасау бойынша құзыретіне ие болады.

114. Өз еркімен тарату барысында тарату комиссиясы құрамына Қоғам кредиторлары атынан өкілдері, барлық дауыс беруші акцияға ие акционер өкілдері, сондай-ақ осындай акционер шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар кіргізілуі керек.

115. Қоғамды тарату рәсімдері және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасымен реттеледі.

116. Қоғамды тарату барысында оның жарияланған,сондай-ақ орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасы заңнамасымен орнатылған тәртіпте жойылуға жатқызылады.

## 8.БӨЛІМ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

**29. баб Рәсімдік мәселелер**

117. Осы Жарғымен реттелмеген Ережелер, Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қоғам органдарының сәйкес келетін шешімдерімен реттеледі.

118. Осы Жарғының ережелері заң нормаларына қайшы келген жағдайда, осы Жарғының мұндай ережелері қолданылмайды.

119. Осы Жарғы заңнамалық тәртіпте орнатылған оны мемлекеттік тіркеген күннен бастап күшіне енеді.

**Бас директор** **А.Гнеломедов**

2019 жылғы «25» қыркүйек, Мен, Капанова Бағдагуль Галимжановна лицензияны ҚР ӘМ тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті берген 20.01.2009 ж. №0002321, Орал қаласы нотариусы «Гидроприбор» ғылыми-зерттеу институты» Акционерлік қоғамының бас директоры Гнеломедов Александр Николаевич менің қатысуыммен қойған қолының түпнұсқалығын куәландырамын. Өкілдің жеке басы анықталды, оның әрекетке қабілеттілігі және өкілеттілігі, сондай-ак «Гидроприбор» ғылыми-зерттеу институты» Акционерлік қоғамының құқықтық қабілеттілігі тексерілді.

Тізілімде № 3031 тіркелді
Өндірілді: 2778 теңге
Нотариус:

25 (жиырма бес) бетте
тігілді, нөмірленді
нотариус

ҮЛГІ ЖАРҒЫ
НЕГІЗІНДЕ
ТІРКЕЛГЕН